


**«№19 мектеп-лицей» КММ-сінде
«Кәсіпорындарға саяхат» тақырыбында өткен кәсіптік бағдар жобасы туралы
ақпарат.**

Өтілген күні: 15.03.2018 ж.

Мақсаты: Мамандық таңдау кезінде тұрған оқушыларға бағыт-бағдар беріп, таңдау мүмкіндіктерін шешу. қазіргі заманның тапшы мамандықтарын көрсетіп сол бағытқа қарай бағыттау. Ағымдағы жылдың 15-ші наурыз күні мектебімізде «Кәсіптер әлеміне саяхат» тақырыбында 9,10,11 сынып оқушылары өз таңдауындағы мамандыққа сай қаламыздағы жұмыс мекемелерінде болып, бір күндік жұмыс ретін көздерімен көріп, кәсіби бағыт-бағдар алып өз шығармашылық жұмыстарын слайд, видеороликке жинақтап таныстырды.



9 «Ә» сынып оқушылары сынып жетекшілерімен бірге қаламыздағы танымал «Ханшайым» әсемдік салонына барса, 9 «А» сынып оқушылары «Чайная роза» кондитерлік цехында, 9 «Б» сыныбы №65 тау-кен саласында, 11 «А» сыныбы қалалық емханаға болып осы саладағы маман иелерінің



кәсіби кеңес тыңдап, жұмыс тәжірибесімен бөліскен. Оқушылар өз шығармашылық жұмыстарда өздері қарастырған мамандық туралы, бұл саланың алдағы кездегі сұранысы жайында ақпараттар жинақтаған.

Іс-шараға арнайы шақырылған қонақтар тау-кен саласының маманы Камалов Алайдар Жүрсінұлына және қалалық емхананың терапевт врачы Балтабаев Бахрам Қадыржановичке, мектебіміздің технология пәнінің мұғалімі Жұмабекова Айнаш Жаппарқызына сөз беріліп

оқушыларға мамандықты дұрыс таңдауға, өз қаламызда бұл мамандықтарға сұраныстың жоғары екенін айта отырып, туған жеріне қызмет етуге шақырды. Мамандық таңдауда ең бастысы қабілет, қызығушылық, бейімділіктің адам бойында болу керектігін айтты. Осы салаға байланысты кәсіптік бағыт-бағдар берді.

Іс-шара соңында оқушылардың шығармашылық жұмыстары әділқазылар алқасының шешіміне сай бағаланды. 10 «А» сыныбы 1-орынды, 9 «А» сыныбы 2-орынды, 9 «Ә» сыныбы 3-орынды иеленді. Басқа сыныптар «Алғыс хатпен» марапатталды.



Орындаған директордың оқ-тәрбие ісінің орынбасары А.Б.Джанасбаева

